

МЕМОРАНДУМ

о взаимном сотрудничестве между Республиканским Общественным Советом по противодействию коррупции при «Нұр Отан» и Республиканским общественным объединением «Общенациональное движение против коррупции «Жаңару» в вопросах организации противодействия коррупции в Республике Казахстан

Республиканский Общественный Совет по противодействию коррупции при «Нұр Отан» (далее - РОСПК) и Республиканское общественное объединение «Общенациональное движение против коррупции «Жаңару» (далее - РОО ОД «Жаңару»), в дальнейшем именуемые Сторонами,

всесторонне поддерживая Лидера Нации, Президента Республики Казахстан Н.А.Назарбаева в бескомпромиссной борьбе с коррупцией, а также его инициатив по активизации участия институтов гражданского общества, населения в противодействии коррупции, обеспечению прозрачности, открытости в государственном управлении,

учитывая, что одну из основных угроз в развитии нашего государства и достижении целей, поставленных Главой государства: к 2050 году войти в число 30 наиболее развитых стран, представляет коррупция,

позитивно оценивая меры, принимаемые Казахстаном по предупреждению коррупции и борьбы с нею,

понимая, что предупреждение и искоренение коррупции – это обязанность не только государства, но и каждого гражданина Республики Казахстан, всех институтов гражданского общества,

признавая необходимость дальнейшего укрепления партнерства между государством, бизнесом и институтами гражданского общества в противодействии коррупции,

полагая, что активное участие всего общества в противодействии коррупции будет способствовать значительному повышению эффективности деятельности государства по минимизации коррупции,

проявляя решимость активно содействовать государству в более эффективном предупреждении, выявлении и пресечении коррупции,

а также руководствуясь:

Конституцией Республики Казахстан,

Законом РК «О борьбе с коррупцией»,

Стратегией «Казахстан - 2050»,

политической Доктриной партии «Нұр Отан»,

Уставом «Нұр Отан»,

Уставом РОО ОД «Жаңару»,

Положением о РОСПК, в пределах своей компетенции и полномочий, достигли соглашения и заключили настоящий Меморандум о нижеследующем:

Статья 1

Целью настоящего Меморандума являются выработка и реализация совместных и согласованных действий, направленных на продвижение и реализацию антикоррупционной политики Лидера Нации, Президента Республики Казахстан, повышение эффективности принимаемых мер по противодействию коррупции, устранению причин и условий ее порождающих.

Статья 2

В целях реализации настоящего Меморандума Стороны намерены:

- содействовать государству в реализации мер по борьбе с коррупцией и ее предупреждению;
- принимать активное участие в проведении единой государственной политики по противодействию коррупции, способствующей вовлечению широких слоев населения к антикоррупционной деятельности;
- способствовать выработке оптимальной и эффективной системы взаимодействия, партнерства государственных органов, бизнеса и институтов гражданского общества в борьбе с коррупцией;
- предоставлять информацию о приоритетных направлениях сотрудничества по устранению причин и условий, порождающих коррупцию;
- мобилизовать имеющиеся ресурсы и механизмы в целях обеспечения совместной деятельности по противодействию коррупции;
- принимать меры, в пределах своей компетенции, по усилению прозрачности процессов принятия решений государственными органами;
- проводить мероприятия, способствующие созданию атмосферы нетерпимости в отношении коррупции;
- принимать участие в формировании активной гражданской позиции, антикоррупционного мировоззрения, а также в правовом и нравственном воспитании молодежи;
- выработать иные консолидированные формы и методы противодействия коррупции.

Статья 3

В рамках настоящего Меморандума предусматриваются следующие формы сотрудничества:

- оперативный обмен информацией, представляющей взаимный интерес в сфере противодействия коррупции;
- определение лиц, осуществляющих взаимодействие в рамках реализации настоящего Меморандума;

- в случае достижения прямых договоренностей – проведение рабочих встреч, разработка совместных программ, создание рабочих групп с целью выполнения задач, возложенных на Стороны;
- проведение Сторонами консультаций по запросу одной из Сторон по любым вопросам, касающимся деятельности Сторон;
- иные формы сотрудничества в рамках компетенции Сторон.

Статья 4

В случае возникновения споров и разногласий при толковании и применении положений настоящего Меморандума Стороны разрешают их путем консультаций и переговоров.

Статья 5

В настоящий Меморандум по взаимному согласию Сторон могут вноситься изменения и дополнения отдельными документами, являющимися неотъемлемыми частями настоящего Меморандума.

Статья 6

Настоящий Меморандум вступает в силу и вводится в действие со дня его подписания Сторонами.

Статья 7

Меморандум заключен на неопределенный срок и действует до тех пор, пока одна из Сторон не направит письменного уведомления другой Стороне о своем намерении прекратить действие Меморандума. В таком случае действие Меморандума будет считаться прекращенным по истечению 30 (тридцати) календарных дней с даты направления одной из Сторон соответствующего письменного уведомления.

Меморандум подписан в городе Астане 17 февраля 2014 года в двух экземплярах на государственном и русском языках.

Председатель
Республиканского Общественного
Совета по противодействию
коррупции при «Нұр Отан»



К. Сулейменов

Председатель
Республиканского Общественного
объединения «Общенациональное
движение против коррупции «Жаңару»




О. Абдыкаримов

**«Нұр Отан» партиясының жанындағы Жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес пен «Жаңару» жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі арасындағы Қазақстан Республикасында жемқорлыққа қарсы әрекетті ұйымдастыру мәселелері бойынша өзара ынтымақтастық туралы
МЕМОРАНДУМ**

Бұдан әрі Тараптар деп аталатын, «Нұр Отан» партиясының жанындағы Жемқорлыққа қарсы әрекет жөніндегі республикалық қоғамдық кеңес (бұдан әрі - ЖҚӨРҚК) және «Жаңару» жемқорлыққа қарсы жалпыұлттық қозғалысы» республикалық қоғамдық бірлестігі (бұдан әрі – «Жаңару» ЖҚ РҚБ),

Елбасы, Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың жемқорлықпен ымырасыз күресін, сондай-ақ оның жемқорлыққа қарсы әрекетке азаматтық қоғам институттарының, халықтың қатысуын жандандыру және мемлекеттік басқарудағы анықтық пен ашықтықты қамтамасыз ету бойынша бастамаларын жан-жақты қолдай отырып,

біздің мемлекетіміздің дамуына және Елбасының алға қойған 2050 жылы ең дамыған 30 елдің қатарына қосылу мақсатына қолжеткізу үшін негізгі қауіптің бірі жемқорлық екенін ескере отырып,

жемқорлықтың алдын алу және онымен күрес бойынша Қазақстанның қолданған шараларын позитивті бағалай отырып,

жемқорлықтың алдын алу және оны жою – ол тек мемлекеттің міндеті емес, Қазақстан Республикасының әр азаматының, барлық азаматтық қоғам институттарының міндеті екенін түсіне отырып,

жемқорлыққа қарсы әрекетте мемлекеттің, бизнестің және азаматтық қоғам институттарының арасында серіктестікті одан әрі нығайту қажеттігін мойындай отырып,

қоғамның жемқорлыққа қарсы әрекетке белсенді қатысуы мемлекеттің жемқорлықты барынша азайту бойынша қызметінің тиімділігін айтарлықтай көтеруге ықпал ететінін түсіне отырып,

жемқорлықты тиімді алдын алуға, анықтауға және жол бермеуге мемлекеттің мейліңше белсенді ықпал ету батылдығын көрсете отырып,

сондай-ақ:

Қазақстан Республикасының Конституциясын,

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» ҚР Заңын,

«Қазақстан-2050» стратегиясын,

«Нұр Отан» партиясының Саяси доктринасын,

«Нұр Отан» партиясының Жарғысын,

«Жаңару» ЖҚ РҚБ Жарғысын,

ЖҚӨРҚК туралы ережені басшылыққа ала отырып,

өз құзіреті мен өкілеттіктері шегінде келісімге келіп, төмендегілер туралы осы Меморандумды жасады:

1-бап

Осы Меморандумның мақсаты Елбасының, Қазақстан Республикасы Президентінің жемқорлыққа қарсы саясатын ілгерлетуге және іске асыруға бағытталған бірлескен және келісілген іс-қимылдарды әзірлеу және іске асыру, жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша қабылданған шаралардың тиімділігін көтеру, жемқорлықты тудырушы себептер мен жағдайларды жою болып табылады.

2-бап

Осы Меморандумды іске асыру мақсатында Тараптар ниет білдіріп отыр:

- Жемқорлыққа қарсы күрес және жемқорлықтың алдын алу бойынша шараларды іске асыруға мемлекеттің ықпал етуі;
- Жемқорлыққа қарсы қызметке халықтың ауқымды жігін тартуға ықпал ететін жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша бірыңғай мемлекеттік саясатты жүргізуге белсенді қатысу;
- өзара іс-қимылдың оңтайлы және тиімді жүйесін әзірлеуге, жемқорлыққа қарсы күреске мемлекеттік органдардың, бизнес және азаматтық қоғам институттарының серіктесуіне ықпал ету;
- жемқорлықты туындыратын себептер мен жағдайларды жою бойынша ынтымақтастықтың басымды бағыттары туралы ақпаратты ұсыну;
- жемқорлыққа қарсы әрекет бойынша бірлескен қызметті қамтамасыз ету мақсатында қолда бар ресурстар мен тетіктерді жұмылдыру;
- мемлекеттік органдардың шешімдерді қабылдау процесінің ашықтығын күшейту бойынша өз құзіреті шегінде шаралар қолдану;
- жемқорлыққа төзімсіз қарым-қатынас атмосферасын құруға ықпал ететін іс-шараларды жүргізу;
- белсенді азаматтық ұстанымды, жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыруға, сондай-ақ жастарға құқықтық және өнегелі тәрбие беруге қатысу;
- жемқорлыққа қарсы әрекеттің басқа да шоғырландырылған формалары мен әдістерін әзірлеу.

3-бап

Осы Меморандумның шеңберінде келесі ынтымақтастық формалары қарастырылған:

- жемқорлыққа қарсы әрекет саласындағы өзара мүдделі ақпараттармен жедел алмасу;
- осы Меморандумды іске асыру шеңберінде өзара іс-қимылды жүзеге асыратын тұлғаларды анықтау;

- тікелей уағдаластықтарға қолжеткізген жағдайда – жұмыс кездесулерін өткізу, бірлескен бағдарламалар әзірлеу, Тараптарға жүктелген міндеттерді орындау мақсатында жұмыс топтарын құру;

- Тараптардың қызметіне қатысты кез келген мәселе бойынша бір Тараптың сұрауы бойынша Тараптардың консультацияларды жүргізуі;

- Тараптардың құзіреті шеңберінде басқа да ынтымақтастық формалары.

4-бап

Осы Меморандум қағидаларын түсіндіру және қолдану кезінде даулар мен келіспеушіліктер туындаған жағдайда консультациялар және келіссөздер жүргізу арқылы шешіледі.

5-бап

Осы Меморандумға Тараптардың өзара келісім бойынша осы Меморандумның ажырамас бөлігі болып табылатын жеке құжатпен өзгертулер мен толықтырулар енгізілуі мүмкін.

6-бап


Осы Меморандум Тараптар қол қойған күннен бастап күшіне енеді және қолданысқа енгізіледі.

7-бап


Меморандум белгісіз мерзімге жасалды және Тараптардың біреуі басқа Тарапқа Меморандумның қызметін тоқтату ниеті туралы жазбаша мәлімдеме жібермегенге дейін қызмет етеді. Ондай жағдайда Тараптардың біреуі тиісті жазбаша мәлімдеме жіберген күннен бастап 30 (отыз) күн өткеннен кейін Меморандумның қызметі тоқтатылды деп саналады.

Меморандум 2014 жылғы 17 ақпанда Астана қаласында екі данада мемлекеттік және орыс тілдерінде жасалды.

**«Нұр Отан» партиясының
жанындағы Жемқорлыққа қарсы
әрекет жөніндегі республикалық
қоғамдық кеңестің төрағасы**


_____ **Қ. Сүлейменов**

**«Жаңару» жемқорлыққа қарсы
жалпыұлттық қозғалысы»
республикалық қоғамдық
бірлестігінің төрағасы**


_____ **О. Абдікәрімов**

